

Бүгін Сарыағаш аудандық мәслихаттың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс, жол және инфрақұрылымдық саланы дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия отырысы өтті.

Қатысқандар: аудандық мәслихаттың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс, жол және инфрақұрылымдық саланы дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Б.Секеров, мүшелері Н.Байгабулова, Н.Байгазиев, депутаттар Ш.Ибрагимов, М.Асилов, Ә.Баратов.

Төрағалық етуші: комиссия төрағасы Б.Секеров.

Шақыртумен қатысқандар: қала әкімі М.Доспулов, қала әкімі аппаратының бас маманы Б.Жолдасбеков, Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ә.Жаппаров, мердігер компанияның өкілі.

Күн тәртібінде

1. Сарыағаш ауданының жол мәселесі.
2. Сарыағаш қаласының абаттандыру мәселесі (тазалық, суғару, штакеттердің жағдайы, т.б.) қаралды;

Сарыағаш аудандық мәслихаттың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс, жол және инфрақұрылымдық саланы дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия отырысы қаулы етті:

1. Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы А.Жаппаровтың Сарыағаш ауданының жол мәселесі бойынша есебі назарға алынды.
2. Сарыағаш қаласы аумағында абаттандыру мәселесі (тазалық, суғару, штакеттердің жағдайы, т.б.) бойынша жұмысшы топтың қорытындысы негізінде тиісті жұмыстар атқарылмаған. Осыған сәйкес, өз міндеттерін дұрыс атқармағандығы үшін Сарыағаш қаласы әкімінің орынбасарына тиісті шара қолдану үшін Сарыағаш қаласының әкіміне ұсыныс берілді.